

Астана қаласы
№55 орта мектеп
**2022 - 2023 оқу жылына арналған
ТӘРБИЕ ЕСЕБІ**

2022ж

Тәрбие жұмысының есебі 2022 – 2023 оқу жылы

Тәрбиедегі басымдық: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

2021 - 2022 оқу жылындағы орын алған **кемшіліктерді талқылай** келе, 2022 - 2023 оқу жылына төмендегідей **міндеттерді** белгілейді:

SMART - МАҚСАТ:

2022 – 2023 оқу жылында «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасын жандандыру арқылы, мұғалім, ата – ана және оқушы ынтымақтастығын нығайта отырып, оқушылардың сыпайы қарым – қатынастарын реттеу, білім сапаларын көтеруге ықпал жасау.

2022 – 2023 оқу жылына ұсынылатын міндеттер:

1. Ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, тұлғаны патриотизмге, Отанына адал қызмет етуге және оның мүдделерін қорғауға тәрбиелеу.
2. Тұлғалық қасиеттерді дамыту, бәсекеге қабілеттілікті, сын тұрғысынан ойлауды және функционалдық сауаттылықты, проблемаларды өздігінен шешу қабілетін дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға қажетті жағдайлар жасау.
3. Тәрбиеленуші оқушыларды еңбекқорлыққа жетелей отырып, бойында өзін – өзі тану, өз – өзіне баға беру, өзін – өзі тәрбиелеу, өздігінен даму, әлеуметтік жауапкершілік және әлеуметтену дағдыларын қалыптастыру.
4. Оқушылардың да, ұжымның да табыстылығын және денсаулығы мен жан – жақты жетілуін қамтамасыз ету үшін, мектептің эмоционалды ахуалын жақсарту, білім беру ортасын дамыту.
5. Тәрбие процесінде ата – аналардың қатысу рөлін арттыру.

S – Оқушылардың адамгершілік құндылықтардың отбасы тәрбиесіндегі орнын айқындау

M – Оқушылардың бойындағы құндылықтар отбасы тәрбиесіне қажетті тәрбие әдістерін зерттеу, тиімдісін таңдай білу

A – Ұлттық құндылықтардың отбасы тәрбиесіне қатысты озық үлгілерін қарастыру, рольдік ойындар арқылы және жоба дайындау негізінде тақырыптың маңызын тереңірек ашу дағдысын қалыптастыру

R – Ұлттық құндылықтың негізінде отбасы тәрбиесін жетілдіру жолдарын анықтау

T – «Құндылық тобы» арқылы, қорытынды мониторинг және нәтиже көрсеткіштерін шығару

Тәрбие жұмысының бағыттары:

- ❖ Қазақстан патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
- ❖ Рухани-адамгершілік тәрбие
- ❖ Ұлттық тәрбие
- ❖ Отбасы тәрбие
- ❖ Еңбек-экономикалық және экологиялық тәрбие
- ❖ Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- ❖ Зияткерлік тәрбие, ақпараттық-мәдениетті тәрбие
- ❖ Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты

Тәрбие саласы.

Ең бірінші адамға тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы» деп, Әбу – Насыр Әль – Фараби атамыз айтып кеткендей. Мектепте білім саласына емес, көбіне тәрбие саласына аудару керек екені бәрімізге мәлім. Себебі, оқушыларды жақсы жаққа тәрбиелеу арқылы, оның өзіне деген сенімдерін, өзіне деген құрметін ең бірінші өзінен бастауымыз керек. Егер оқушы қалай болса солай сабақта отырып, өз ойына келгенін жасайтын болса, білім қайда қалмақ. Білім беру сабақ барысында оқушылар тәрбиесіздік танытатын болса, мүмкіндіктер болмас еді. Ол тәрбиені біз қайдан бастау аламыз? Әрине, сыныптан тыс іс – шараларда, тәрбие сағаттарында, ашық есік күндерінде, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлар арқылы жүзеге асыруымыз керек болады. Сонымен қатар, оқушыны тәрбиелеуде ата – анамен жұмыс жасауда үлкен септігін тигізетіні анық. Тек мектеп қана емес, оқушы, мұғалім және ата – ана арқылы бала бойына тәрбиені сапалы да, саналы жеткізуіміз керек. Ол үшін ата – анамен тығыз байланыста болып, олармен әртүрлі іс – шараларды ұйымдастыру арқылы, мектепке шақыру арқылы, белсенділіктерін арттыру арқылы жұмыс жасауымыз керек. Ол үшін әртүрлі тәрбие саласындағы жұмыс формаларын енгізу керек. Әртүрлі форматта, дәстүрлі емес іс – шараларды көбірек ұйымдастыруымыз керек. Ата – аналарды күніне болмаса аптасына конференциялар, жүздесу кездесулер т.б. да формаларды ойлап табу арқылы, мектепке ынталандыруымыз қажет. Оларды мектепке шақырып қана қоймай, сол шақырылған ата – ананың баласы жайлы жағымды да ақпараттар жинау арқылы, әр баламен жеке – жеке жұмыс жасағанда ғана тәрбие үрдісінде нәтиже берері анық. Сынып жетекші міндетті түрде, сабақ беріп қана қоймай, әр балаға жеке – жеке әдістер арқылы, сол балалардың деңгейлеріне түсу арқылы, олардың орнына өзін қою арқылы ғана баламен тығыз жұмыс жасау керек. Сонда ғана жеке жұмыс істеу арқылы, баланың ішкі ойын, сырын, жеке тұлғалығына көз жеткізесің Сонда ғана балаға сәйкес, балаға ұнайтын дүниені ғана санаға сіңіресің. Баланың көңілі жай болғанда ғана, оның білімге деген құлшынысы мен талпынысы ашылады. Сонда ғана білім дәрежесі мен қатар тәрбиесі де дұрыс бағытқа өзгеріс береді.

«Құндылыққа негізделген білім беру» жобасының іске асуы

“Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы аясында қазан айының 31 - нен қараша айының 4 аралығында біздің мектепте курс өтті.



https://www.instagram.com/p/Ckf71HWtc0a/?utm_source=ig_web_copy_link

Мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу болды.

Курстың тақырыптары әртүрлі болды. Олар, «Түйсік, Ерік-жігер, адамгершіліктің 6 дәрежесі», «Буллинг», «Қиын балалармен жұмыс» Сонымен қатар, ата – анамен, оқушылармен, сыныптан тыс іс – шаралар, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлар жайлы толығымен түсіндірілді.

Мұғалімдерге құндылықтарға негізделген білім беру маңыздылығын дәріптей отырып, курсқа қатыспаған әріптестердің қызығушылығын арттыруға әдістемелік көмек көрсеттік. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндіктер жасалды.

Осы жобаның маңызы оқушылар үшін де, біздер үшін де өте қажет екенін түсіндік.


Бұл жобада сынып жетекшілердің рөлі жоғары болу керек. Әрбір жасалған іс әрекет оқушылар үшін жасалуы керек. Мектепте жақсы аура, жағымды көңіл – күй туғызу, мектепті ашық, жарқын етіп безендіру. Осы жоба арқылы оқушыларды жақсы танып алу, олармен жылы қарым – қатынас құру басты мақсатымыз болды. Оқушыларға құндылықтарды шынайы өмірде қолдануына жағдай жасауымыз керек екенін түсіндік.

Өзара әрекеттесуіміздің бағыттары қандай болды?

- Сауалнама жүргізу;

- «Құндылық тобы» құру;
- Жоспарлау;
- Бір – бірін үйрету;
- Тәжірибе алмасу;
- Ортақ шешімге келу;
- Бақылау;
- Мониторинг

Ең бірінші, сауалнама алудан бастадық. Сауланманың басты мақсаты: біздің білім ордасында қаншалықты құндылығымыз бойымызда дарығаны туралы білу болды. Сол алынған сауалнамаға сүйене отырып, әрі қарай жоспар құруды бастадық. Жоспар құру үшін, ең алдымен «Құндылық» тобын құрып алдық. Осы топта мектеп әкімшіліктері, мектеп мұғалімдері және оқушылар ұйымымынан құрылған топ болды. Мектебіміз екі ауысым болғандықтан, ауысым бойыншада қарастырдық. Осы «құндылық» тобы, алдағы жобаға сай әр айдың соңғы аптасында кездесіп, келесі айдың жоспарымен ақылдасып отырды. Олар әр айды «құндылыққа негізделген білім беру» жобасына сүйене отырып, айлардың атауларын бөліп тастап отырды.




Мысалы: қараша айын – «Құрмет» айы, желтоқсан айын – «Патриоттық» ай, қаңтар айын – адалдық айы, ақпан айы – жауапкершілік айы деп, т.б. айларында осы құндылық тобы реттеп отырды.

Әр айдың атауларын жалпы мемлекетіміздің мерекелеріне сай немесе атаулы күндерімен де байланыстырып отырды.

Олар осы жоба аясында тәрбие саласымен қоса білім жүйесінде қатар алып отырды. Мектебімізде тәрбие жұмыстары бұрын болған еді, бірақ осы жобаны оқығаннан кейін жүйеге келтірдік десек те болады. Жүзеге асыратын «Үштік Одақ», яғни мұғалімдер мен әкімшіліктер, оқушылар және ата – аналар.

Ұйымдастырушы – жетекші топ не істейді?

Олар жылдық жоспар, айлық жоспарларды құрады. Құндылықтарды насихаттау мақсатында сыныптан тыс іс – шаралар ұйымдастырады.



Мәселен, мектеп директоры не істейді? ДҒІЖО не істейді? ДТІЖО не істейді? ДОІЖО не істейді? Осы «Құндылық тобы» отырып, әр әкімшіліктің міндеттерін бөліп беріп, жоспар құрады.

Осы жобаны оқығаннан кейін, қараша айында жұмысымызды бірден бастап кеттік.

Мектеп директоры «Құрмет» айында, мұғалімдермен, барлық мектептің қызметкерлерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізді. ДҒІЖО «Жұмадағы жүздесу» ұйымдастырып отырды. Ол жүздесуге мектептің қызметкерлері, сырттан келетін қонақтар, білікті маман иесі ата – аналармен де болу мүмкін.

«Өзін – өзі басқару» ұйымы түрлі акциялар ұйымдастырды, кітапханашы көрме ұйымдастырып отырды. Осылай әрқайсылары өз міндеттерін атқарды.

Сонымен қатар, параллель сыныптармен де отырып, 1 айда 4 апта болатын болса, әр аптаға тақырыптар қойып, түрлі іс – шараларды фейзбуктарға, әлеуметтік желілерге, Құндылық базары деген телеграммнан ашып қойдық, сол жерге мектепте өтіп жатқан іс – шараларды салып отырдық. Мұғалімдер құндылық базарында тәжірибелермен бөлісіп отырды. Жауапты топ қадағалап отырды.

Ең бастысы айта кететін, әр айға бөлінген құндылық оқушының деңгейіне сай жасадық, әрі барлық жерде сезілуіне жағдай жасадық, әр сынып жетекші сыныбын безендіріп отырды, құндылықтың есімі емес, мағынасы беріліп отырды, құндылықтарды әр оқушымен жеке жұмыс жасай отырып, санаға сіңіріп отырды.



Яғни, мектеп ұжымына ортақ міндеттелген ҰСТАНЫМЫМЫЗ болды.

- Оқушыларға дауыс көтермеу;
- Оқушыларға жылы жүзбен қарау;
- Шынайы қарым – қатынас құру;
- Зиянды әдеттерден алыс болу.

Құндылықтарды - әртүрлі форматта, қысқа мерзімді (оқушылардың қоңырау кезінде бір – бірлерін итеріп, шулатпау мақсатында жасалатын қысқа ойын әдістері), ұзақ мерзімді (2 апта немесе 1 ай бойы жасалатын іс - шаралар), ұжыммен жұмыс (қарым – қатынастарды нығайту мақсатында жасалатын әртүрлі коучингтер), ата - анамен жұмыс, сыныптан тыс іс – шаралар, конференциялар, спорттық іс – шаралар, кездесу – жүздесулер, тетарландырылған қойылымдар, 21 – ғасыр көшбасшылар, интеллектуалдық сайыстар, Квест сайыстары, дөңгелек үстелдер, Пікір – таластар, сурет байқаулары, коллаж жасау сайыстары, сынып сағаттары мен тәрбие сағаттары, әртүрлі акциялар, т.б. көптеген іс – шаралар арқылы жүзеге асырып жатырмыз. Сол іс – шаралардың барлығы құндылыққа бағытталған ай атауларына байланысты өтіп жатыр. Мектептегі құрылған «Құндылық тобы» ақылдаса келе, әр айдың алғашқы аптасы бірыңғай сынып сағаттары болып отырады деп шешті. Сынып жетекшілер алғашқы аптасының сынып сағаттарында ай атауына байланысты түсіндірме жұмыстары мен әртүрлі форматта сынып сағаттары арқылы мән – мағынасына тоқталып өтеді. Мысалы, «Құрмет» айы болатын болса, сынып жетекшілер өздерінің сынып сағаттарын ойын түрінде болсын, дебат түрінде де, ата – анаға құрмет, табиғаттарға құрмет, досына құрмет, т.б. алғашқы аптасында толығымен тоқталып өтеді. Айдың қалған аптасын әртүрлі форматта іс – шараларды әр сыныптарға рет – ретімен реттеп отырады.



Қысқа мерзімді жоспарды да қатар ұштастырып, бірге алып жүрдік. Осы айтылған барлық іс – шаралардың маңыздылығы өте жоғары. Себебі, барлығы оқушылар үшін, мектеп өмірлерін қызықты, әрі құнды өткізу үлкен жетістік деп есептейміз.

1. Қазақстан патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты.

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым – қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық – зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

- БАЛАҚАЙ ЕСІНДЕ БОЛСЫН!

Жолдан өту қашан да қауіпті. Жолдан өтерде үлкендердің көмегімен өту керек екендігі айтылды. Бағдаршам жол қиылыстарынан өтуге көмектесетіні, жаяу жүрушілерді жол апатынан сақтайтыны, жолда жүру ережесін есінде сақтау керек екені айтылды. Мектептің жас инспекторлар тобы түсіндірме жұмыстарын оқу жылының басында айтып кетті.



Қауіпсіз мектеп автобусы

- Республикалық акция жобасы аясында өткізілген қауіпсіздік ережелерімен тасымалданушы оқушыларға таныстырылды.



- Азаматтық қорғаныс және төтенше жайғдайларды алдын алу жоспарына сәйкес дайындық шаралары ұйымдастырылды. Мектепте жарылғыш зат табылған жағдайда НШГО-102, 110, 112 нөмерлеріне жедел хабарласу жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ЖМП ЮПБ полиция капитаны Н.Б.Калиякбарова және құқық бұзушылықтардың

алдын алу жөніндегі менеджері М.С.Демеуова жоғары және орта буын оқушыларымен «Қылмыстық әкімшілік кодексінің баптары жайында түсіндірме» оқыту - лекция дәрістерін өткізді.



Әр тоқсан сайын оқушыларға каникулдағы қауіпсіздік шаралары қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырады.



Жасөспірімдер қылмысының алдын алу, оның ішінде кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ қылмыстық қоғамға қарсы әрекеттердің алдын алу және олардың зардаптарының ауырлығын төмендету мақсатында білім беру ұйымдарында ювеналды полицияның учаскелік инспекторлары Калиякбарова Н.Б және мектеп құқықбұзушылықтың алдын алу менеджері Демеуова М.С бірлесіп, 6-11 сынып оқушылары арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



- «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың бойында еліне деген мақтаныш сезімін оятып, елін сүйуге тәрбиелеу.

16 ақпан күнінен бастап, мектебімізде алғыс күніне орай мектеп парламенті ұйымы оқушылар арасында алғыс айтып челендж ұйымдастырды. Оқушылар жоғары белсенділік танытып, ерекше алғыстарын жаудырды.



https://www.instagram.com/p/CaBnvikNvrq/?utm_source=ig_web_copy_link

- 21 ақпан күні сағат 11:00-де №55 орта мектебінде «Ауғанстан ардагерлеріне тағзым» атты кездесу кеші өткізілді.

Мақсаты:

Білімділігі: Ауған соғысының тарихи мағынасын ашып, оқушыларға түсіндіру. “Ауған соғысы” жайлы тереңірек біліп тану, соғыс ардагерлері туралы мәлімет алу.

Қонақтар: Кіші сержант бөлімше командирі Ерзаков Нуриддин Ибадуллаевич, Капитан Баяхметов Баглан Солтанович, Тәжік ауған шекарасы ардагерлер одағы мүшесі Кузержбаев Айтуған Кулмухаметулы Кеш барысы келген қонақтармен танысу және өз өмірлеріне қысқаша шолу жүргізілумен басталды. Алғашқы әскери дайындық мұғалімі Алшынбаев Серік пен «Отан» бағытының көшбасшыларымен автоматты шашып, қайта жинау түрлерін көрсете білді. Оқушылар келген ардагерлерге: Қазіргі бейбіт заман сарбаздарынан қандай батырлық, ерлік қасиеттерін көріпжүрсіз? - Өз тәжірибеңізден қазіргі жастар өз елінің патриоты ретінде қандай болу керек деп ойлайсыз? - «Ерлік, батырлық, жауынгерлік» ұғымдарын жастар арасында қалай насихаттаған дұрыс деп ойлайсыз?-деген сұрақтарын қойып жауап алды. 10 сынып оқушыларына анықтама куәлігін тапсыруды марапаттап келген ардагерлердің марапаттауымен ұсынылды. Кеш барысында 3-4 сынып оқушылары Ауғанстанда болған қақтығыс оқиғалары туралы жыр шумақтарын арнаса, 6 сынып оқушыларынан құралған хор Атамекен әнін айтып өтті. Кеш соңы Ардагерлерге алғыс айтып, алғыс хат ұсынумен аяқталды. Кездесу кеші жоғары деңгейде өтті.



https://www.instagram.com/tv/CaPEXIbAcu0/?utm_source=ig_web_copy_link

- 21 ақпан күні, «Зерде» бағыты бойынша, "Менің қазақ тіліне деген құрметім" TED x форматы оқушылармен бірге. Қазіргі заманауи оқушылардың жан - жақты дамуына қандай жағдай жасау керек? Ойын еркін білдіре алатын, жан-жақты мықты тұлғаны қалыптастыру үшін қалай көмектесуге болады? Осы мақсатты жүзеге асыруда TEDx форматындағы шаралардың маңызы зор. «Таратуға тұрарлық идеялар» форматындағы TEDx конференциялары оқушыларды өмір бойы оқуға, әлеуметтік белсенділік, ашықтық, қарапайымдылық, көшбасшылық, құрмет және әлеуметтік маңыздылық сияқты құндылықтарға тәрбиелейді.



https://www.instagram.com/p/CaPNY1Qt96M/?utm_source=ig_web_copy_link

- 01 наурыз 2022 күні, 3 - 5 сынып арасында өткізілген патриоттық сыныптан тыс сағаттарынан үзінді. Мектеп Ұланбасы Назерке «Отан» бағыты көшбасшыларымен бірге сыныпаралық сыныптан тыс жұмыстарын жоспар бойынша атқарып келеді.



https://www.instagram.com/p/CakXIxXNQQX/?utm_source=ig_web_copy_link

05. 03. 2022 күні 8 наурыз мерекесімен барша ұлағатты ұстаздарымызды құттықтап, «Өзін - өзі басқару» ұйымы Ұланбасы Нұран Назерке оқушылармен мерекелік концерт дайындап, ұстаздарға жақсы көңіл сыйлай білді.



https://www.instagram.com/p/CaudWUbnrKI/?utm_source=ig_web_copy_link

07 наурыз күні «Отан» бағыты бойынша, қалалық "Айбарлы ұрпақ -2022" жас жауынгер ФИНАЛ ойындарының мектеп арасында өткізілген сайысы болды. Бұл сайысқа отан бағытының көшбасшылары белсенділік танытып, мектеп командасы 3ші орынға ие болды. Жетекшісі АӘД мұғалімі Алшынбаев Серік.



https://www.instagram.com/p/Cazke1dtRYd/?utm_source=ig_web_copy_link

- Қазан айында бастауыш, жоғары және орта буын оқушылары арасында мектеп құқық бұзушылықтардың алдын - алу менеджері Демеуова М.С және «Байқоңыр» ауданы полиция капитаны Калиякбарова Н.Б «қылмыстық әкімшілік кодексінің баптары жайында түсіндірме» оқыту-лекциясын өткізді.

Сонымен қатар, мектеп ішіндегі оқушылар арасында «Ақша бопсалау» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесіне орай кәмелетке толмағандар арасында аталған сұрақ бойынша ақша бопсалау факті орын алмаған.

Оқушылар арасында түсіндірме жұмысы жүргізілді. Сенім телефондары ұсынылды.

https://www.instagram.com/p/CjVSRrNtgnE/?utm_source=ig_web_copy_link



- «Жол жүру қауіпсіздігі» тақырыбында өткізілген іс-шаралар бастауыш сыныптар арасында болды. Жол жүру қауіпсіздігі мақсатында мектебімізде ювеналды полиция инспекторы Н.Б. Калиякбарова және мектеп құқық

бұзушылықтың алдын алу менеджері Демеуова М.С бірлесе отырып ,оқушылар арасында экскурсиялар, әңгімелер, сынып сағаттарында сөз сөйлеу арқылы жұмыс жүргізілді.

Кешенішілік әлеуметтік парақшаларда «Жол жүру ережелерін жадында сақта!» тақырыбында жол жүру тәртібі бойынша ақпарат берді. Оқушылар арасында бейне материалдар көрсетілді және бірқатар оқушыларға экскурсия жасау арқылы іс-жүзінде түсіндірме жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/CjVSRrNtgnE/?utm_source=ig_web_copy_link



- Оқушылардың асханадағы техника қауіпсіздігін және тәртіп ережелерін сақтау үнемі әртүрлі жұмыстар жүргізіліп отырады.

Мақсаты: оқушылардың асханадағы техника қауіпсіздіктерін сақтау

Асханадағы техника қауіпсіздіктері жөнінде толығымен айтылды. Барлық оқушылар асханаға тәртіпті сақтай отырып асықпай, сабырлықпен кіріп және шыққаны, асханаға сөмке немесе портфель апармауы жайлы айтылды.

Асханадағы ыдыстарды мектеп оқушылары сындыруға мүлдем болмайтыны жайлы талқыланды.

Асханадағы жарақат алу қауіпсіздігіне мыналар жатады:

- Электржарығын қосып және сөндірген кезде (тоқ соғу қаупі бар)
- Ыстық тағам, шәй құйылған ыдысты тасу кезде (күйіп қалу қаупі бар)
- Шыны ыдыс сынған жағдайда (жарақаттану қаупі бар)

Ас ішу алдындағы қауіпсіздік талаптары:

1. Ас ішу алдында қолды сабындап жу
2. Асханаға кірген кезде тәртіп ережесін және ас ішу уақытының кестесін сақта.
3. Үстел басында өз орнына отыр

Ас ішу кезінде қауіпсіздік талаптары:

1. Үстел басында тәртіп ережелерін сақта
 2. Жолдастарының ас ішуіне бөгет жасама
 3. Іс ішкен кезде сөйлеспе, көршілеріңді итерме
 4. Ыстық тағамды асықпай, мұқият іш
 5. Босаған ыдысты сол жағына қойып, оның құлағанына жол берме. Осылай, оқушыларға түсіндіру жұмыстары үздіксіз жүріп отырады.
- Биылғы 2022 – 2023 оқу жылының ІІ. Алтынсарин нұсқаулығы бойынша, 1 – 11 сыныптарда 1 қыркүйек балалар жылына арналған тақырып бекітілді. «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» атты тақырыпта барлық сынып жетекшілер сынып сағаттары өткізілуі жөнінде айтылды.

Бірыңғай сынып сағаттары:

- 1 сынып оқушылары *«Менің мектептегі алғашқы күнім»;*
- 2 - 4 сынып оқушылары *«Менің жарқын жазғы оқиғаларым»;*
- 5 - 8 сынып оқушылары *«Менің саяхатым»;*
- 9 - 11 сынып оқушылары *«Менің ойларым, армандарым, үміттерім»*
- **Оқушылардың сабаққа қатысуы, үлгерімі.**

1 – 11 сыныптардың сабаққа қатысуы үнемі және үздіксіз қадағаланып отырды. І ауысым және ІІ ауысым бойынша жауапты әкімшіліктер жүктелген. Сабақтан босатылған оқушы болса, міндетті түрде ол оқушы сынып жетекшісіне хабарлап айтып отырады. Егер 3 күннен артық сабақтан босатылатын болса, өзімен бірге анықтама (справка) әкеліп беріп отырады. І жартыжылдық бойынша себепсіз қалған оқушы саны жоқ. Тек қана себепті және ОРВИ ауруымен ауырып қалған оқушылар саны да көп емес. Денсаулығына байланысты ақпаратты мектеп медбикесі беріп отырды.

- 55 орта мектептің оқушыларының ҚР Конституция күніне арналған іс – шара жоғары деңгейде өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастырып, өз Отанын сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу.

Іс - шараның міндеті:

- Оқушылардың Желтоқсан оқиғасы туралы білімдерін кеңейтіп, тәуелсіздік мерекесінің маңыздылығын түсіндіру
- Оқушылардың ойлау, сөйлеу, өз ойын еркін жеткізу қасиеттерін дамыту.
- Оқушыларды отансүйгіштікке, оның патриоды болуға, өз еліне пайдасын тигізуге, оның өркендеуіне үлес қосуға тәрбиелеу

Өткізілу барысы:

Кез келген зайырлы елдің даму бағыттарын белгілейтін басты құжаты - Ата заңы. Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидаттары бүгінде өзінің өміршендігін дәлелдеді. Барша қазақстандықтарды Конституция күнімен құттықтап, мектебіміздің Жасұлан балалар ұйымы айтулы мерекеге орай, жыр шумақтары мен ән мен билерін ұсынды.

https://www.instagram.com/reel/ChxkSGJAzcY/?utm_source=ig_web_copy_link



- Білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана – сезімді, жеке бас бостандығы мен ар – намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті арттыру мақсатында, оқушыларға азаматтық – патриоттық тәрбие беру барысында, әртүрлі мектепішілік жарыстар, сыныптан тыс іс – шаралар мен акциялар өткізіліп отырды. 5 сынып арасында өткізілген патриоттық сыныптан тыс іс – шара жоғары деңгейде өтті. «Отан» бағыты көшбасшыларымен бірге сыныпаралық сыныптан тыс жұмыстарын жоспар бойынша атқарып келді. «Менің Отаным» Қазақстан

Республикасының Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған, флешмоб сайысы керемет деңгейде өтті. Оқушыларға бұл флешмоб ұнады. Олар жоғары белсенділік таныта білді. Сонымен қатар, оқушыларға патриоттық тәрбие берудің сапасын арттыру мақсатында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілер жоғары деңгейде өткізе білді. Олар әр сыныптың деңгейлеріне сай өткізді. Оқушыларға тиімді болу үшін, дәстүрлі емес форматта және қызықты етіп өткізе білді. Әр сыныптың сынып жетекшілері алдын – ала жоспарларымен таныстырып, бекітіп отырды.

- "Тәуелсіздік - елдің ұранымыз" тақырыбында ән байқауы да мектебімізде ұйымдастырылды. Қатысқан оқушылар 1 - 6 сынып оқушылары. Байқау жетекшісі музыка пәні мұғалімі: Иманбеков Ж.У. Оқушылар бұл сайысқа жауапкершілікпен қатысып, қызығушылықтарын білдірді.
- "Қазыбек бидің 355 жылдығы" тақырыбында Дуйсалиева Айжан Абдыманапқызы 6 сыныптар арасында ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты жоғары деңгейде өтті. Оқушылар белсенділік таныта білді. Оларға Қазыбек би туралы көп мәліметтер берілді. Олар Қазыбектің шығармалары мен шығу тарихын, шыққан жерлерін айтып, шағын театрландырылған қойылым көрсетті. Тәрбие сағаттың соңында Әліби деген оқушы әдемі дәстүрлі әнмен домбыра шертті. Керемет өтті. Оқушыларға жақсы әсер қалдыра білді.
- Оқушылардың спортқа деген қызығушылықтарын арту, сүйіспеншіліктерін дарыту мақсатында, мектебімізде тоғызқұмалақ ойынынан 1 - 4 және 5 - 6 сыныптар арасында Тәуелсіздік күніне орай жарыс ұйымдастырылды. Балалар оқу жылы басынан үйірмеге қатысып, үйреніп келе жатқандықтан барынша бақ сынасты. Ұйымдастырушылар дене шынықтыру пәні мұғалімдері. Жетекшісі: Нурпеисов Ж.Ж., Ауезбаев Мереке.

2. Рухани – адамгершілік тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани – адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы «Рухани жаңғыру» құндылықтары негіздерінің, оның ішінде «Құндылықтарға негізделген білім беру», «Қоғамға қызмет» жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

Мектебімізде "Психология-ғажайып ғылым" атты психология апталығы ұйымдастырылды. 5-11 сынып аралығында тренингтер мен психологиялық ойындар сынып сағаттарында ұйымдастырылды. Апталық барысында сурет түрлерімен танысу, бояумен сырласамын тақырыбында оқушыларды суреттер арқылы бейнелесе, менің күнделікті көңіл күйім тақырыбында әңгіме жүргізілді. Сынып медиаторлары оқушылардан " мектепке қандай көңіл-күймен келдің?" , "қандай көңіл-күймен шықтың?" деп оқушылармен сауалнама жүргізді.Сауалнама барысында әр оқушының ойын тыңдап, мониторинг шығарды.



https://www.instagram.com/tv/CXygclyARF-/?utm_source=ig_web_copy_link

2022 жылғы 01 -11 ақпан аралығында: «Махаббат пен шығармашылық» тақырыбында өзін-өзі тану пәні бойынша он күндігі өтті.

Алғашқы күні ашылу салтанаты барлық оқушы, мұғалімдер арасында таныстырылып қабырға стень шығарылып барлық мектеп оқушылары таныстырылды. Бастауыш сынып оқушылары арасында «Бейбітшілік пен мейірімділік періштелері» тақырыбында балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылды. Кітапханашы "Мейірім төгетін ана" атты кітап көрмесі жасалды.

Өзін-өзі тану мұғалімдері және сынып жетекшілерімен бірге «Махаббат үшін өмір» тақырыбында сабақ өтті. Барлық оқушы, мұғалімдерімен бірге жақсы өтілген сыныптарды грамотамен марапаттап, жеңімпаз оқушыларды марапаттап, ән айтып көтеріңкі көңіл күймен аяқталды.



https://www.instagram.com/tv/CZywjKFgNJc/?utm_source=ig_web_copy_link

16 ақпан – 01 сәуір аралығында, Мектеп Ұланбасы Нұран Назеркенің ұйымдастыруымен мектеп парламенті ұйымы, жасұлан балалары алғыс күніне керемет дайындық жасады. Әр оқушыны өзінің досындай көретін Ұланбасы үнемі қызыққа толы күндер сыйлап, ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік бере отырып, бір -

бірімен үйлесімді қарым - қатынас жасай білуге үйрету арқылы отырыстар өткізіп отырды. Ұланбасының ұйымдастыру қабілеті жоғары болғандықтан, қызықты отырыстар ойдағыдай болып өтті.



https://www.instagram.com/tv/CaC85U2gFfz/?utm_source=ig_web_copy_link

28 ақпан күні, оқушылар ұйымы бірлесе отырып, Алғыс айту күніне арналған "Мың алғыс" челленджін жоғары дәрежеде ұйымдастырды. Әлемнің барлық жаратылыс иесіне өз алғыстарын шынайы білдірді.



https://www.instagram.com/tv/Cahb5-xoAlv/?utm_source=ig_web_copy_link

3. Ұлттық тәрбие бағыты.

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

«Менің Отаным» Қазақстан Республикасы күніне 6 сыныптар арасында өткен флешмоб сайысы ұйымдастырылды. Оқушылар жоғары деңгейде билеп шықты.



Республика күніне орай бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілер жоғары деңгейде өткізе білді. Олар әр сыныптың деңгейлеріне сай өткізді. Оқушыларға тиімді болу үшін, дәстүрлі емес форматта өткізді.



Республика күніне орай "Тәуелсіздік - елдің ұранымыз" тақырыбында ән байқауы ұйымдастырылды. Қатысқан оқушылар 1-6 сынып оқушылары. Байқау жетекшісі музыка пәні мұғалімі: Иманбеков Ж.У.



"Қазыбек бидің 355 жылдығы" тақырыбында Дуйсалиева Айжан Абдыманапқызы 6 сыныптар арасында ашық тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағаты жоғары деңгейде өтті. Оқушылар белсенділік тантиа білді. Оларға Қазыбек би туралы көп мәліметтер берілді. Олар Қазыбектің шығармалары мен шығу тарихын, шыққан жерлерін айтып, шағын театрландырылған қойылым көрсетті. Тәрбие сағаттың соңында Әліби деген оқушы әдемі дәстүрлі әнмен домбыра шертті. Керемет өтті. Оқушыларға жақсы әсер қалдыра білді.



2022 жылғы ақпан айының 9-ы күні Нұр-Сұлтан қаласының №55 орта мектебі және Білімді жаңғырту орталығының ұйымдастыруымен қазақ тілі мен әдебиеті сабағында инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың білімін жетілдіру және заманауи сабақтың құрылымы туралы ой бөлісу, тәжірибе алмасу мақсатында «қазақ тілі мен әдебиетін оқыту: инновациялық әдістер мен озық тәжірибе» тақырыбында қалалық вебинар өтті.

Аталмыш іс-шараны ББЖО әдіскері Маманова Жанар Сейдахметқызы бастап, №55 орта мектеп директоры Д.

Рахимберлина «Тілді оқытуда инновациялық технологиялардың тиімділігі» тақырыбы бойынша сөз алды. Аталмыш вебинардың тәжірибелік бөлімі ZOOM платформасында 3 секция залдарына бөлініп, жалғасын тапты.

Іс-шара ақын, қазақтың біртуар азаматы Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Есіңе мені алғайсың...» атты әдеби-сазды кешпен жалғасты. Оқушылардың бойынан нағыз актерлік қабілеттері білінді. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, осы тәрбие сағатын барлығы белсенділік танытып, ойдағыдай атқарып шықты.



https://www.instagram.com/tv/CZwrCywAF4t/?utm_source=ig_web_copy_link

01 наурыз 2022 күні, Мектеп Ұланбасының бастауымен оқушылар ұйымы сыныптас тыс жұмыстарын да жүзеге асырды. Алғыс сөздері - адамды тыныштандыру, жүрегін жылытудың бірден - бір амалы. Бастысы, алғысыңыз жүректен шығуы шарт. 1 Наурыз күні өзін - өзі басқару ұйымының оқушылары алғыс күніне "Достық" емханасы ұжымындағы ақ халатты абзал жандарға, аудан бойынша учаскелік полиция қызметкерлеріне, мектеп маңында тұратын ардагер әжеге барып өз алғыстарын білдірді.



https://www.instagram.com/tv/Cakmf7Lg-Qz/?utm_source=ig_web_copy_link

04. 03. 2022 күні, 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай ұйымдастырылған, «Бұрымды қыз» байқауы мектепшілік сайысы өз деңгейінде өтті. Мектебіміздің әдемі де, сұлу және көрікті, бұрымды қыздары сайысқа түсті. Сайыс 9 сыныптардың қыздары арасында өтті. Сайысқа бұрымды қыздары жоғары белсенділік таныта білді.



https://www.instagram.com/tv/Ca9nahqoNc9/?utm_source=ig_web_copy_link

15 наурыз күні, мектебімізде «Жайлау» күні аталып өтілді. Мектеп Парламенті ұйымы Отан, Зерде, экоалем, еңбек бағыты ұйымдастыра отырып, мектепте «Жайлау» күнін ұйымдастырды. Мектеп Ұланбасы Нұран Назерке оқушыларға бағыт бере отырып, әр күнге есеп берумен бірге оқушыларды еңбекке баулуға, белсенділік танытуға, ұлттық тәрбиеге бет бұруға септігін тигізді.



https://www.instagram.com/tv/CbIXod6AZTz/?utm_source=ig_web_copy_link

- Діни экстремизм, терроризм, радикализм терминдеріне түсінік беру. Қазақстан Республикасында лаңкестікпен қарсы күрестің құқықтық негіздері, қазіргі таңдағы ахуал жайлы жөніндегі мағлұмат беру.

Оқушыларды қазақ ұлтына тән имандылыққа, үлкенді сыйлауға, әдептілікке үйрету. Оқушыларға туған өлке, оның байлығын, онда мекендейтін ұлттарды құрметтей білуге, ұлтжандылыққа, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Қоғамның ең әлсіз дін, жастарымыздың дін туралы сауаттылығы нашарынан ба әлде бір себеппен ба, теріс ағымдар ұйымына кіру себебі бүгінгі «Діни экстремизм деген не?» тақырыбы да осы арнаға келіп саяды. Ислам діні –адам баласын тура жолға бастайтын дін. Адамды мейірімділікке, бауырмашылдыққа, қамқолыққа үйретеді.

1. Экстремизм деген не?
2. Экстремизмнің негізгі белгілерін қалай ажыратамыз ?
3. «Діни экстремизм» дегенді қалай түсіндірер едіңіз?
4. Бүгінгі шиеленіскен діни ахуалдың себеп-салдары қандай?
5. Мектептегі дін тану пәнің сен үшін қандай маңызы бар, оған қосар ойыңыз?
6. Діни экстремизмнің және оның алдын – алу үшін не істеу керек деп ойлайсың? - деген сұрақтар қойылып, оқушылар сұраққа жауап бере отырып , өз ойларын ортаға салды. Экстремизмге қарсы күрестің бірден- бір жолы олар туралы уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде әрине күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Қорыта келгенде ; әр бір азамат қоғам тыныштығы үшін діни экстремизммен табанды түрде қарсы тұруға тиіс. Қазақ халқы ертеден – ақ бірліктің , ынтымақтың маңызын жете түсінген. Бірлігіміз бекем , тәуелсіздігіміз баянды болсын деп дөңгек үстеліміз аяқталды.

Келесі 7-8 сыныптар арасында өтілген «Толеранттылық – бейбітшілікке жол» тақырыбындағы дебатқа тоқталатын болсақ.

Толеранттылық латын тілінен алынған , қазақша мағынасы - шыдамдылық, өзге көзқарастарға, мінез - құлықтарға әдеттерге төзімділік таныту деген мағынада қолданылады. Барша адамзаттың ұлтына нәсіліне ұстанатын дініне қарамастан , төзімділік танытып, түсіністікпен қарап, оларды өзіндей қабылдау қасиетің бір сөзбен толеранттылық дейміз. Толеранттылық мәні қазақ тілінде тіпті терең: төзімділік, шыдамдылық ,байсалдылық, кісілік, ізеттілік, кемелін таңдау, келісімін табу деген мағына береді. Адамдар арасында өзара сыйластықты, мейірбандылықты білдіреді.

Қорыта айтқанда: Адамдар әрқашан көмек беруге әзер тұру керек. Дұрыс, ізгі ой - ниетпен туындаған барлық іс дұрыс болып, басқаларға және өзіне қуаныш әкеледі. Жасаған ісінді, көмегінді ақысыз , қайтарымсыз жасау дұрыс әрекет болады деп дебат аяқталды . Ауылдық акимат және ауылымыздың учаскелік полиция қызметкерлерімен мұғалімдер және мектептің кіші қызметкерлердің қатысумен діни экстремизм және терроризм туралы сұрақ - жауап сұхбаттасу өтілді.

4. Отбасылық тәрбие бағыты.

Мақсаты: ата – аналарға білім беру, олардың психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Мектепішілік жалпы ата аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында бағыт бойынша көшбасшы ата - аналар, ата-аналар комитеті мен төрайымы, қамқоршылық кеңесі құрамы тағайындалды.



Ғылым бәсекесінің алғашқы әрі маңызды басқышы – пән олимпиадасы. Мектеп психологтары мен мектеп медиаторлары Демеуова Мадина және Дүкенбаева Мақпал Ерғалиқызы. Оқушылар ұйымымен байланыс жасай отырып, оқушыларға психологиялық тренинтер өткізіп көмек берді. Пән олимпиадасына дайындық, адамның мидың ең жоғары қабылдау кезеңінде басталатындықтан, ол оқушылардың логикалық ойлау формасын дамытып қана қоймай, ғылымға деген көзқарасын қалыптастырып, болашақ бағдарын айқындайтын тамаша ғылыми ізденіс. Егер сапалы және жүйелі дайындық жүргізілсе, баланың ми клеткалары сапалы қозғалысқа келіп, оқушының алғырлығы арта түсетіні ғылымда дәлелденіп келеді. Сапалы әрі жүйелі дайындық — тек баланың ғылымға ғана көзқарасын қалыптастырып қоймай, болашаққа деген нық сенімін орнатып, өзіне деген сенімін нығайтып, биік мақсаттар қоя алатын тұлға тәрбиелеудегі тамаша дағды.



https://www.instagram.com/p/CZ86vVmMNZU/?utm_source=ig_web_copy_link

- «Әжемнің ертегісі» атты бастауыш сыныптар арасында сайыстар ұйымдастырылды.

Астана қаласы №55 орта мектебінде «Оқуға құштар» жобасы аясында бастауыш сынып мұғалімі Дулатхан Қарлығаш 2 сыныптармен «Атам мен әжем жайында» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізді. Шараның мақсаты ретінде: балалардың әжелерінің айтқан ертегілерінен айтып, оны тереңірек естеріне сақтап, достарымен бөлісуге болады. Балалар ертегіні тыңдай отырып, өз әжелерінің ертегіні не үшін айтатынын және оны оқып-үйрену қызықты әрі көңілді процесс екенін көрсетуге бағытталды. Осы жоба арқылы балалардың, ертегілерді тек тыңдап қана қоймай өздері де оқу залына келіп жалғастыруға болатынын айтылды. Сонымен қатар, шара аясында балалар әжелеріне арнап өлең шумақтары мен әндерін айтты. Бұл жоба әліде болса ары қарай жалғастырып, кеңінен айтылатына сенімдеміз. Олар атасы мен әжелері жайлы кітап оқып қана қоймай, әжесі мен атасының суреттерін салды. Салған суреттерін жеке – жеке түсіндіріп өтті. Оқушылардың қызығушылықтары артты. Оларға өте қатты ұнады. Бұл сайыс сурет көрмесі жоғары деңгейде өтті.



- «Қарттарым – асыл қазынам» атты тақырыпта іс – шара 5 – 6 сыныптар арасында өткізілді. Оқушылардың бойынан ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру,

мектеп оқушыларын қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында сыныптан тыс шараға қатысуларын, белсенділіктерін арттырдық. Олармен әртүрлі жұмыстар жүргізіліп отырдық. Мысалы, сынып сағаттары, кездесулер, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлар құрдық.

«Қарттарым – асыл қазынам» атты дәстүрлі түрде қазан айының бірінші аптасында атап өтілді. Мектеп оқушылары қарт аталарымыздың үйлеріне барып, көмек қолдарын созды. Сонымен қатар, мерекелік ән шашуларын арнап, «Еңбек» бағыты бойынша өздері қолдан жасаған қолөнерлерін сыйға тарту етті. Мектепшілік тәрбие жұмыстарын «Руханият» және «Еңбек» бағыты бойынша міндеттері жүктелді. Мектеп Ұланбасына оқушылармен жүйелі жұмыс атқарылуы ұсынылды. Мектептің барлық іс – шаралары уақытылы, жоспарланған кестеге сай өткізіліп отырды.

«Қарты бар үйдің, қазынасы бар» демекші, оқушылар ұйымы қарттар күнінде асыл әжелер мен ардақты аталарды құттықтады. Сонымен қатар, 3 – 4 сыныптар арасында ата – әжелерімізді, қарт кісілерді құрметтеп, мектеп табалдырығында іс – шаралар ұйымдастырылды.

"Асыл әжем" атты сыныптан тыс іс - шара өткізілді. Онда балалар тақпақ, ән, билерін билеп, өз өнерлерін көрсетсе, әжелеріміз немересін сабаққа қалай дайындайтыны жөнінде сайыс өтті. Әжелеріміз ақ батасын беріп, балаларға ыстық лебіздерін білдірді.

3 сынып оқушылары ата – әжелерімізге театрландырылған көрініс қойып, қуанта білді. Бұл көрініс әжелерімізге қатты ұнады. Олар жақсы көңіл – күй сыйлағандары үшін, ерекше алғыстарын білдірді. Әжелеріміз өздерінің тәрбие саласына байланысты ертегілерінде қызықты етіп, оқып беріп жатты. Әжелердің оқыған ертегілері барлық қатысушы оқушыларға ұнады. Бұл күнгі іс – шара жоғары деңгейде өтті.





https://www.instagram.com/tv/CbQW_6UAz1f/?utm_source=ig_web_copy_link

- «Оқуға құштар жобасы» аясында, «Отбасымен кітап оқу» акциясы 6 сыныптар арасында жүйелі жұмыстар ұйымдастырылды. Әр ай сайын әр параллель сыныптармен әртүрлі іс – шараларды қойып отырдық. Оқушылардың және ата - аналардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету;

